

Бекітемін
Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше
қажеттіліктері бар балаларға арналған
арнайы (түзетім) балабақшасының меңгерушісі
А.О.Сеитова
« 28 » 08 2023-2024 оқ.ж

2023-2024 оқу жылына арналған психикалық дамуында тежелісі бар
«Құлагер» мектепалды тобының логопеді Төрешова А.Е-ның
сөйлеуді дамыту бойынша арнайы түзету қызметінің перспективалы жоспары

Қыркүйек

Тақырып	Бағдарламалық мазмұны	Әдістемелік -түзету тәсілдері	Сағат саны	Мерзімі
Диагностика	Танымдық іс-әрекет жағдайын тексеру Сөйлеу іс-әрекетінің жағдайын тексеру Байланыстырып сөйлеу тілін тексеру Зат есім,сын есім,етістік сөздер сөздіктерін тексеру. Тілдің грамматикалық қатарын тексеру. Сөздің буындық құрылымының жағдайын тексеру. Жалпыла білу деңгейін тексеру. Дыбыстарды айту және ажырату дағдыларын, сөзде дыбысталуын тексеру. Фонематикалық қабылдауын (естуі) тексеру.	Ойын: «Бір сөзбен ата», «Ненің төлі», «Керісінше айт», «Біреу және көп», «Тыңда және қайтала» «Дене және зат бөліктерін ата» «Дыбысты ата»	1	01.09

Менің сүйікті балабақшам	1.Ересек адамдар еңбегінің маңызы мен қажеттілігі туралы түсініктерін бекіт. Балабақша қызметкерлерінің мамандықтары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. 2.«Балабақша» тақырыбы бойынша сөз қорын белсенділеу және кеңейту. Фонематикалық түсініктерін дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Сөйлеу тілін есту, көріп қабылдау, зейін, артикуляциялық моторика, ұсақ және жалпы моториканы дамыту. Сөйлеу тілін кимыл – қозғалыспен үйлестіру. 3. Ұнтымақтастық, өзара түсіністік, мейірімділік, жауапкершілік, бастамашылдық дағдыларын қалыптастыру	Арт. жаттығу: «Доп», «Ашуланған мысық», «Тарақ» Тыныстау жаттығуы: «Таза ауа» Саусақ жаттығуы: «Біздің топ» Дидактикалық ойын: «Кім не істейді?» Мақсаты: Мамандықтар туралы түсінік қалыптастыру., «Сөзді аяқта» Мақсаты: Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту., «Дыбысқа сәйкес сөз айт» Мақсаты: Берілген дыбысқа сөз ойлап табу үйрету. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. «Ол кім?» Мақсаты: Сурет бойынша сөйлем құрастыруға үйрету. Балабақша қызметкерлері туралы білімін кеңейту.	1	04.09-08.09
---------------------------------	---	--	----------	--------------------

2

Менің сүйікті отбасым	Балалардың отбасы деген бір үйде бірге тұратын адамдар тобы деген түсінігін қалыптастыру, өз отбасы, ата-анасының мамандығы туралы түсінігін бекіту, отбасы мүшелерінің туыстық қатынас атауларын анықтай білуге үйрету, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Сурет арқылы отбасы туралы қысқаша сипаттау мәтінін құрастыру білігін дамыту, байланыстырып сөйлеу тілін жетілдіру, тақырып бойынша сөздік қорын толықтыру. Фонематикалық түсініктерін дамыту. Тілдік тыныс алуын дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Зейін, артикуляциялық, ұсақ және жалпы моториканы дамыту. Ынтымақтастық, өзара түсіністік, мейірімділік, жауапкершілік, бастамашылдық дағдыларын қалыптастыру. Өз отбасына сүйіспеншілікке, өз отбасын мақтан етуге тәрбиелеу	Артикуляциялық жаттығу: «Сырғанақ», «Тентек» ілді жазалау», «Тіс тазалау» Тыныстау жаттығуы: «Ыстық ботқа» Саусақ жаттығуы: «Отбасы мүшелері» Дидактикалық ойын: «Доп лақтыр, айт», Мақсаты: Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. «Сөз ойла, тез ойла». Мақсаты: Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту. «Көңілді және көңілсіз» Мақсаты: Эмоциялық ерік-жігерін дамыту, танымдық процестерді дамыту. «Ұйқасын тап» Мақсаты: Есту, көру қабілетін дамыту. Там-там-там Ауылдан келді атам	1	11.09-15.09
------------------------------	---	---	----------	--------------------

3

Ойыншықтар әлемі	Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту және анықтау. «Ойыншықта, тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту және жүйелеу (оларды қолдану, құрамды бөлшектері және бөліктері, жасалған материалдары), ойын және жаттығулар арқылы сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту (зат есім мен сын есім, зат есім және сан есім тіркестерін жасау, зат есімнің көпше түрін жасау, септік жалғауларын жалғап айту). Байланыстырып сөйлеу тілін және зейінін дамыту. Фонематикалық түсініктерін дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Сөйлеу тілін есту, көріп қабылдау және зейін, артикуляциялық, ұсақ және жалпы моториканы дамыту. Сөйлеу тілін қимыл – қозғалыспен үйлестіру. Ынтымақтастық, өзара түсіністік, мейірімділік, жауапкершілік, бастамашылдық дағдыларын қалыптастыру	Артикуляциялық жаттығу: «Сағат», «Барабан», «Желкен» Тыныстау жаттығуы: «Шар үрлеу» Саусақ жаттығуы: «Піл, доп, гүл» Дидактикалық ойын: «Ойыншықтар дүкені». Мақсаты: Ойыншықтар атауын меңгерту. «Не өзгерді?» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. «Жасырын сөзді тап» Мақсаты: Логикалық ойлау қабілетін дамыту. «Жетіспейтін бөлігін айт» Мақсаты. Сөздерді талдауға үйрету. «Ойыншық түсін анықта» Мақсаты: Түстерді ажыратуға үйрету.	1	18.09-22.09
Күздің әсем гүл шоқтары	Күз және оның белгілері, күз мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін бекіту. Тақырып бойынша сөздік қорын белсенділеу,	Артикуляциялық жаттығу: «Әткеншек», «Күрекше», «Түтікше»	1	25.09-29.09

4

	кеңейту, нақтылау. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдысын жетілдіру. Ұзақ және бірқалыпты тыныс шығару, көру зейінін, ойлау, артикуляциялық, ұсақ және жалпы моториканы дамыту. Сөйлеу тілін қимыл-қозғалыспен үйлестіре білуін дамыту. Ұйымшылдыққа, өсімдіктерді күтіп-баптауға және табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	Тыныстау жаттығу: «Орман шуылдайды» Саусақ жаттығуы: «Күзгі орманға саяхат» Дидактикалық ойын: Бұл қай кезде болады», Мақсаты: Жыл мезгілдерін ажырата білуге үйрету. «Тез құрастыр» Мақсаты: Жылдамдыққа ойлау қабілетін дамыту. «Жыл мезгілдері» Мақсаты. Жыл мезгілдерінің сипатмасын ажырата білуге үйрету.		
--	---	---	--	--

Қазан

Алтын күз! (Тәтті жемістер)	Жемістер туралы түсініктерін бекіту. «Жемістер» тақырыбы бойынша сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау. Зат есімнің көпше түрін жасау. Сұрақ көмегімен сөзге жалғанатын септік жалғауларын дұрыс жалғап айту. Зат есім+сын есім, зат есім+сан есім, зат есім +етістік тіркестерін жасап үйрету.	Артикуляциялық жаттығу: «Тәтті тосап» «Тісімізді тазалаймыз» Тыныстау жаттығуы: «Жел» Саусақ жаттығуы: «Әдемі жазу» Дидактикалық ойын: «Қатесін кім бұрын табады?»	1	02.10-06.10
--------------------------------	---	---	---	-------------

5

	кеңейту, нақтылау. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдысын жетілдіру. Ұзақ және бірқалыпты тыныс шығару, көру зейінін, ойлау, артикуляциялық, ұсақ және жалпы моториканы дамыту. Сөйлеу тілін қимыл-қозғалыспен үйлестіре білуін дамыту. Ұйымшылдыкқа, өсімдіктерді күтіп-баптауға және табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	Тыныстау жаттығу: «Орман шуылдайды» Саусақ жаттығуы: «Күзгі орманға саяхат» Дидактикалық ойын: Бұл қай кезде болады, Мақсаты: Жыл мезгілдерін ажырата білуге үйрету. «Тез құрастыр» Мақсаты: Жылдамдыққа ойлау қабілетін дамыту. «Жыл мезгілдері» Мақсаты. Жыл мезгілдерінің сипатмасын ажырата білуге үйрету.		
--	---	--	--	--

Қазан

Алтын күз! (Тәтті жемістер)	Жемістер туралы түсініктерін бекіту. «Жемістер» тақырыбы бойынша сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау. Зат есімнің көпше түрін жасау. Сұрақ көмегімен сөзге жалғанатын септік жалғауларын дұрыс жалғап айту. Зат есім+сын есім, зат есім+сан есім, зат есім +етістік тіркестерін жасап үйрету.	Артикуляциялық жаттығу: «Тәтті тосап» «Тісімізді тазалаймыз» Тыныстау жаттығуы: «Жел» Саусақ жаттығуы: «Әдемі жазу» Дидактикалық ойын: «Қатесін кім бұрын табады?»	1	02.10-06.10
--------------------------------	---	---	---	-------------

5

	Сурет бойынша «Жемістер» туралы сипаттау мәтінін құрастырып айту, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Фонематикалық қабылдауын, бірқалыпты тілдік тыныс алуын дамыту. Қоршаған ортадағы түрлі заттарды сипаттау үшін қажетті заттардың атауын, әрекетін, сипаттамасын қолдана алуды дамыту; Сөйлеу тілін қимыл-қозғалыспен үйлестіруді дамыту, сөйлеу ырғағы және темпімен жұмыс. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	Мақсаты: Логикалық ойлау қабілетін дамыту. «Жемістерді ата» Мақсаты: Жемістер туралы түсініктерін бекіту «Суреттің жалғасын тап» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. «Жемістерден не дайындаймыз» Мақсаты: Сын есімдерді қолдануға үйрету.		
Алтын күз! (Балғын көкөністер)	Көкөністер туралы түсініктерін бекіту. «Көкөністер» тақырыбы бойынша сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау. Зат есімнің көпше түрін жасау. Сұрақ көмегімен сөзге жалғанатын септік жалғауларын дұрыс жалғап айту. Зат есім+сын есім, зат есім+сан есім, зат есім +етістік тіркестерін жасап үйрету. Сурет бойынша «Жемістер» туралы сипаттау мәтінін құрастырып айту, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Фонематикалық	Артикуляциялық жаттығу: «Күркетауық», «Саңырауқұлақ», «Доп қуу» Тыныстау жаттығуы: «Қиярдың иісін ажырат» Саусак жаттығуы: «Салат» Дидактикалық ойын: «Көкөніс жинауға көмектесу» Мақсаты: Көкөністер туралы түсініктерін	1	09.10-13.10

6

	қабылдауын, ойлау, ұсақ моторикасын, көрнекі – бейнелік гнозисін, бірқалыпты тілдік тыныс алуын дамыту. Сөздің буындық құрылымымен жұмыс. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	бекіту , «Не жоғалды?» Мақсаты: Логикалық ойлау қабілетін дамыту. «Кім байқампаз?» Мақсаты: Фонематикалық қабылдауын, ойлау, ұсақ моторикасын, көрнекі – бейнелік гнозисін дамыту.		
Алтын күз! (Жидектер мен саңырауқұлақтар мекені)	Орман және орманда өсетін өсімдіктер туралы түсініктерін бекіту. «Орман, жидектер» тақырыбы бойынша сөз қорларын белсендіру және кеңейту, нақтылау. Саңырауқұлақтардың түрлерін және айырмашылығын білуге үйрету Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Қарапайым математикалық түсініктерін, сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. Зейін және көру арқылы қабылдау, сөйлеу тілін есту және фонематикалық қабылдау, ойлау, артикуляциялық, ұсақ, және жалпы моторика, сөйлеу тілін қимыл – қозғалыспен үйлестіруін дамыту. Табиғатты аялап, қорғауға тәрбиелеу.	Артикуляциялық жаттығу: «Тіс тазалау», «Кесе», «Саңырауқұлақ» Тыныстау жаттығуы: «Күзгі жапырақтар» Саусақ жаттығуы: «Күзгі жапырақтар» Дидактикалық ойындар: «Түрлі түсті себеттер» Мақсаты: Түстерді ажыратуға үйрету., «Кімде қанша?» Мақсаты: 5-ке дейін санауға үйрету., «Тиынға көмектес».	1	16.10-20.10

7

		Мақсаты: Саңырауқұлақ атауларын ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын «Тез құрастыр». Мақсаты: Логикалық ойлауын дамыту.		
Нан бар жерде ән бар	Нанның маңыздылығын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетінін түсіндіру. Ас атасы нан туралы түсініктерін бекіту. Мақал-мәтелдерді, тыйым сөздерді, тақпақты пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту Нанды қастерлеуге және диқандар еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Баланың бақылағыштығын, қиялын дамыту.	Артикуляциялық жаттығу: «Кесе», «Ине», «Шелпек» Тыныстау жаттығуы: «Мақтаны үрле» Саусақ жаттығуы: «Қамыр илейміз» Дидактикалық ойын: «Кім не жейді?» Мақсаты: Логикалық ойлауды, сөйлеуді, талғамды, байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту. «Қайсысы артық?» Мақсаты: Нанды басқа заттардан ажыратуды үйрету «Дұрыс орналастыр» Мақсаты: Нанға қатысы бар суреттерді дұрыс орналастыруды үйрету	1	23.10-27.10

Қараша

Биік ағаштар	Табиғаттағы тіршілік, көктемгі ағаштар туралы білімдерін кеңейту Дыбысқа еліктеу, музыкалық аспаптар, шикылдауыш ойыншықтарды қолданумен түрлі қаттылықтағы (қатты-ақырын), жоғарылықтағы (жоғары-төмен) дыбыстарды қабылдау кезіндегі есту зейінін дамыту; Балалардың байланыстарын сөйлеуін, тілін, сөздік қорын дамыту. Табиғаттың әсемдігін, сұлулығын, көре, сезе білуге тәрбиелеу.	Тыныстау жаттығуы: «Жапырақтарды үрле» Артикуляциялық жат: «Түтікше», «Құймақ», «Ат шауып келеді Саусақ жаттығуы: «Санамақ» Дидактикалық ойыны: «Не екенін тап?» Мақсаты: Ағаштар түрлерін ажыратуға үйрету «Қателесіп қалма?» Мақсаты: есте сақтау қабілетін жақсарту. «Ағаштар мен бұталар» Мақсаты: Ағаштар мен бұталардың алуан түрлілі туралы білімдерін нығайту, оларды ажыратуға үйрету	1	30.10-03.11
Үй құстарының тіршілік ортасы	Үй құстары туралы білімдерін жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Тақырып бойынша балалардың білімдерін нақтылау, фонематикалық қабылдауын дамыту. Үй құстарының сыртқы түрі туралы білімдерін кеңейту. Атау септігіндегі зат есімнің көпше түрін жасауға үйрету. Зат есімді сан есім, сын есім, етістікпен тіркестіріп сөз тіркесін жасауға	Артикуляциялық жаттығу: «Сағат», «Өткеншек», «Тәтті тосап» Тыныстау жаттығуы: «Қаздар ұшып келеді» Саусақ жаттығуы: «Құс ұшады» Дидактикалық ойын: «Ойлан тап»	1	06.11-10.11

	үйрету. Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту. Үй құстарын қорғап, аялауға үйрету.	Мақсаты: Үй құстары туралы білімдерін жетілдіру. «Құстардың дауысын салайық» Мақсаты: естіп, көру арқылы есте сақтау қабілетін жақсарту. «Допты қағып ал» Мақсаты: шапшаң ойлауға үйрету.		
Денсаулық зор байлық (дене мүшелері)	Адамның дене мүшелері және олардың қызметі туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту. Сөйлеу тілінің интонациялық мәнерлілігін, тілдік тыныс алуын, артикуляциялық моториканы дамыту. Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту, белсенділеу. Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту. Талдау – жинақтау операцияларын, зейінін, көріп және естіп қабылдауын жетілдіру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Артикуляциялық жаттығуы: «Қоршау», «Түтікше», «Ине» Тыныстау жаттығуы: «Қолды жылытамыз» Саусақ жаттығуы: «Саусақтар сәлемдеседі» Дидактикалық ойын: «Дұрыс ата» Мақсаты: дене мүшелерінің атауларын дұрыс атауға үйрету. «Менің дене мүшелерім» Мақсаты: балаларға өз денббе мүшелерінің атқаратын қызметін білуге көмектесу. «Сәйкестендір» Мақсаты: сезім мүшелерін ажыратуға үйрету.	1	13.11-17.11

Жиһаз-үйдің сәні	Үй жиһаздары туралы айта отырып олардың қажеттілігі жайлы білім беру. Балаларды жиһаздар қалай, қандай материалдан жасалатынын және олардың қажеттілігі туралы айтып түсіндіру және тіл байлықтарын дамыту. "Үстінде", "астында", "ішінде", "одан", "оған", "сонымен" шылауларын зат есіммен қоса қолдану дағдыларын бекіту Жиһаздарға ұқыпты болуға оларды сындырмауға тәрбиелеу	Артикуляциялық жаттығу: «Мотор», «Бақа», «Піл» Тыныстау жаттығуы: «Самал жел» Саусақ жаттығуы: «Орындық» Дидактикалық ойын: «Суретті құрастыр» Мақсаты: кима суреттерден жиһаз суретін құрастыру. «Не қайда тұрады?» Заттарды нұсқаулыққа сәйкес дұрыс орналастыру, кеңістікті бағдарлап үйрену. «Үйдегі жиһаздар» Мақсаты: Жиһаздар түрлерімен таныстыру. «Жиһазды құрастырамыз» Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту	1	20.11-24.11
Жүйрік көліктер	Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Сөйлеу ағымында дауыс ырғағы бойынша	Артикуляциялық жаттығу: «Піл», «Сусиыр», «Бақа» Тыныстау жаттығуы: «Шинаны үрлеу» Саусақ жаттығуы: «Саусақтарым менін»	1	27.11-01.12

	сөйлемдерді ажыратады. Ұйрету: сұрау, лепті, хабарлау дауыс ыргактарын дамыту. Әдептілікке, мейірімділікке, жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу	Дидактикалық ойын: «Қандай көлік?» Мақсаты: көліктердің түрлерін ажыратып, атауларын атауға үйрету. «Дұрыс құрастыр» Мақсаты: Логикалық ойлауын, шыдамдылығын дамыту. Ұсақ қол моторикасын дамыту. «Бағдаршам» Мақсаты: жол ережесімен таныстыру		
Желтоқсан				
Мамандық-мақтанышым	Мамандықтар туралы түсініктерін толықтыру. Мамандық атауларын, әр мамандық иесінің атқаратын қызметі, мамандыққа тән ерекшеліктерімен таныстыру. Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Фонематикалық түсініктерін, сөзге дыбыстық талдау жасау біліктерін жетілдіру. 3-4 сөзден тұратын сұрақтар бойынша диалогтік қарым-қатынасты дамыту. Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	Артикуляциялық жаттығу: «Саңырауқұлақ», «Барабан» Тыныстау жаттығуы: «Теңіздегі кеме» Саусақ жаттығуы: «Достық» Дидактикалық ойын: «Мамандық таңда» Мақсаты: таңдаған мамандық иесінің қызметі туралы айтуды үйрету «Кім шапшаң?»	1	04.12-08.12

		Мақсаты: көрсетілген суреттегі бейнелерді тез атау «Қай маман иесі» Мақсаты: Маман иесін табу		
Тәуелсіздік тірегім	Туған жер, Отан туралы түсінік беру. Тәуелсіздік күні мейрамы туралы түсініктерін қалыптастыру. Тақырып бойынша сөздік қорларын дамыту. Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту. Тілдік тыныс алуын, фонематикалық түсініктерін дамыту. Сөзге дыбыстық талдау жасау білігін жетілдіру. Патриот болуға, отансүйгіштікке тәрбиелеу.	Артикуляциялық жаттығу: «Саңырауқұлақ», «Сағат» Тыныстау жаттығуы: «Ұшақ» Саусақ жаттығуы: «Әдемі жазу» Дидактикалық ойын: «Кім шапшаң?» Көрсетілген суреттегі бейнелерді тез атау «Кім көп біледі?» Мақсаты: Рәміздер туралы білімдерін кеңейту Суретпен жұмыс: «Жалау»	1	11.12-15.12
Көңілді жаңа жыл!	Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін толықтыру. Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Тілдік тыныс алу және артикуляциялық моториканы дамыту. Сын есім және антоним сөздер сөздігін	Арт жат: «Түтікше», «Ине», «Сырғанақ» Тыныстау жаттығуы: «Қолды жылытамыз» Қозғалмалы жаттығуы: «Аққала» Дидактикалық ойын: «Сыйлықтар»	1	18.12-22.12

	дамыту. Зат есімнің көпше түрін жасап жаттығу. Сөйлеу тілін қимылмен үйлестіру. Эстетикалық талғамдарын арттыру.	Аяз ата, қыпшығынан алынған затты атап, көпше түрде айту «Қателесіп қалма?» Мақсаты: тақырыпқа байланысты сөздік қорын арттыру.		
Қыс мезгілі тамаша	Қыс және оның белгілері туралы туралы түсініктерін бекіту. Тақырып бойынша сөздік қорларын анықтау, кеңейту, белсенділеу. Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту. Сөздің буындық құрылымы туралы түсініктерін жетілдіру, байланыстырып сөйлеу тілін, дауыс күшін, тілдік тыныс алуын дамыту. Сөйлем туралы түсініктерін бекіту. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	Тыныстау жаттығулары: «Ұлпа қарларды үрлеу», «Салқын жел» Артикуляциялық жаттығуы «Сылақшы», «Сағат» Саусақ жаттығуы: «Қыс» Дидактикалық ойын: «Қар, жел, боран, аяз» Аталған құбылысқа сәйкес қимыл жасау. Мақсаты: Жалпы моториканы дамыту. «Бұл қай кезде болады?!» Мақсаты: Жыл мезгілдерін ажыратуға үйрету	1	25.12-29.12
Диагностика	Танымдық іс-әрекет жағдайын тексеру Сөйлеу іс-әрекетінің жағдайын тексеру Байланыстырып сөйлеу тілін тексеру Зат есім, сын есім, етістік сөздер сөздіктерін тексеру. Тілдің грамматикалық қатарын тексеру. Сөздің буындық құрылымының	Ойын: «Бір сөзбен ата», «Ненің төлі?», «Кім не істейді?», «Керісінше айт», «Біреу және көп», «Тыңда және қайтала» «Дыбысты ата»	1	02.01-05.01

	жағдайын тексеру.Дыбыстарды айту және ажырату дағдыларын тексеру.Фонематикалық қабылдауын (естуі) тексеру			
	Қаңтар			
Момын үй жануарлары	Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту,тереңдету. Байланыстырып сөйлеу тілін, зейінін,фонематикалық қабылдауын,жалпы және ұсақ моториканы дамыту.Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру,қойылған сұрақтарды түсініп,анық дұрыс жауап беру білігін жетілдіру. Антонимдер, синонимдер, заттардың топталуы бойынша жалпылама сөздерді қолдану және түсіне алуды үйрету; Үй жануарларына сүйіспеншілік ,камқорлыққа тәрбиелеу.Сөздің буындық және дыбыстық құрылымы туралы білімдерін жетілдіру.	Артикуляциялық жаттығу: «Түтікше», «Құймақ», «Ат шауып келеді» Тыныстау жаттығуы: «Самал жел» Саусақ жаттығуы: «Жануарлар» Логоритмикалық жаттығу: «Төрт түлік» Дидактикалық ойын: «Бұл қай жануар?» Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту,тереңдету «Төлін тап,ата» мақсаты: Жануарлардың төлдерін ажыратуға үйрету. «Қай жануар өнімі?» мақсаты: Үй жануарларының өнімдерімен таныстыру.	1	08.01-12.01
Құстарға камқор болайық!	Қыстап қалатын құстар,олардың тіршілігі туралы түсініктерін жетілдіру. Тақырып бойынша сөздік қорларын, анықтау,кеңейту, белсенділеу,сұраққа толық жауап беруге үйрету.	Артикуляциялық жаттығу : «Кесе», «Ине» , «Желкен» Тыныстау жаттығуы: «Құс қауырсыны» Саусақ жаттығуы: «Құстар канат қағады»	1	15.01-19.01

	Зат есімнің көпше түрін жасап жаттығу. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Көріп қабылдау және зейінін, фонематикалық қабылдауын, артикуляциялық моториканы дамыту. Жұмбақтар шешіп үйрену. Сипаттап айтуға жаттығу, сын есім сөздер сөздігін жетілдіру Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	Дидактикалық ойын: «Қандай құстар жасырынған?» Мақсаты: Құстар түрлерін ажыртауға үйрту. Дауыс жаттығуы: «Құстарша дауыста» Ойын: «Біреу және көп» Мақсаты: Мөлшерді ажыратуға үйрету.		
Жыртқыш жабайы жануарлар әлемі	Жабайы жануарлар, олардың сыртқы түрі, қыс мезгіліндегі тіршілігі туралы түсініктерін бекіту. Тақырып бойынша сөздік қорын анықтау, кеңейту, белсенділеу. Фонематикалық түсініктерін, сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын, артикуляциялық моториканы жетілдіру. Салыстырып айтуға, сипаттауға үйрету. Ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу дағдыларын жетілдіру Ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	Артикуляциялық жаттығуы: «Сылақшы», «Күркетауық», «Ат шауып келеді» Тыныстау жаттығуы: «Көбелекті ұшыр» Саусақ жатығуы: «Жабайы аңдар» Дидактикалық ойын: «Не жоғалды?» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. «Бір сөзбен айт» Мақсаты: Жалпы сөйлеу тілін дамыту. «Ненің мекені» Мақсаты: Жануарлардың мекенін ажыратуға үйрету.	1	22.01-26.01

Ыдыс-аяқ дүкені	Ыдыстар оны пайдалану, бөлшектері, жасалған материалы туралы түсініктерін кеңейту және анықтау. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Сөздің буындық құрылымы туралы түсініктерін жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу тілін, көріп қабылдау және зейінін, артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын дамыту. Жұмбақтар шешіп, жаңылтпаштар айтып үйрену. Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	Артикуляциялық жаттығу: «Сағат», «Кесе», «Тәтті тосап» Тыныстау жаттығуы: «Құман қайнайды» Дидактикалық ойын: «Сикырлы дорба» Мақсаты: Сипап сезіп қандай ыдыс екенін айту. «Не өзгерді?» Мақсаты: Көру қабілетін дамыту. Ойын: «Жұбын тап» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту, ыдыстардың жұбын табуды үйрету	1	29.01-02.02
-----------------	--	--	---	-------------

Ақпан

Азық-түліктер дүкені	Азық-түліктер және олардың маңызы туралы түсініктерін кеңейту. Зат есімге қатысты сын есімдер тандап үйрену. 2 сөзден тұратын сөйлемдерді сын есімдермен кеңейту. Сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастыруға үйрету. Антоним сөздер сөздігін толықтыру. Мағынасы жақын етістіктерді пайдалану және сөйлеу кезінде қолдануға үйрету (қуыру, пісіру, бұқтыру, қайнату) Жинақтап	Артикуляциялық жаттығу: «Күлімсіреу», «Тентек тілді жазалау», «Доп қуу» Саусақ жаттығуы: «Салат» Тыныстау жаттығуы: «Стақандағы дауыл» Дидактикалық ойын: «Азық-түліктерді топтастыр»	1	05.02-09.02
----------------------	---	---	---	-------------

	жалпылап айту дағдыларын жетілдіру. Артикуляциялық моториканы дамыту. Жауапкершілік, белсенділік, мейірімділік, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	Мақсаты: Ұзық-түлік түрлерімен таныстыру. «Не артық?» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. «Дүкенде» Мақсаты: Сөздік қорын дамыту.		
Техника және біз	Электрлі құралдар және оларды пайдалану, қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін жетілдіру. Сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастыруға үйрету. Етістік сөздер сөздігін жаңа сөздермен толықтыру. Байланыстырып сөйлеу тілдерін жетілдіру. Сөздің буындық құрылымы және фонематикалық түсініктерін жетілдіру. Ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	Артикуляциялық жаттығуы «Кесе», «Түтікше», «Сусиыр» Тыныстау жаттығулары: «Қар ұлпасы» Дидактикалық ойын: «Сөзді айтуға көмектес» Мақсаты: электр құралдарының атауларын ажыратуды үйрету. «Қима суреттерді құрастыру» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. Буынды ұйқас: «Электр құралдары» Суретпен жұмыс: «Электр құралдары.	1	12.02-16.02
Аяқ киімді күту	Аяқ киім және оның бөліктері, жасалған материалы, оны қолдану және күтім жасау туралы түсініктерін жетілдіру. Етістік және сын есімдер сөздер сөздігін жаңа сөздермен толықтыру. Сөйлемдер құрап айту және сын есімдермен толықтыруға үйрету. Зат есімнің көпше түрін жасап жаттығу. Сөздерді ілік септігінде айтып жаттығу. Байланыстырып сөйлеу тілдерін,	Артикуляциялық жаттығу: «Күлімсіреу», «Тентек тілді жазалау», «Доп қуу» Саусақ жаттығуы: «Балақан» Әй, әй балақан! Міне мынау алақан,	1	19.02-23.02

	артикуляциялық және ұзақ моториканы дамыту. Дыбыстық және буындық талдау - жинақтау дағдыларын жетілдіру. Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	Саусақта, аяқ әйбат, Былай былай ойнат. Ойын: «Жұбын тап» Максаты: Танымдық процестерін дамыту. Ойын : «Не артық?» Максаты: Аяқ киімді ажыратуға үйрету. Ойын : «Кімнің аяқкиімі?»		
Анашымның мейрамы!	Ана және ананы құрметтеу туралы түсініктерін жетілдіру. Аналардың қоғамдағы маңызды рөлі туралы түсінік беру. Ана туралы мақал-мәтелдер жаттау. Байланыстырып сөйлеу тілдерін, фонематикалық түсініктерін дамыту. Сурет бойынша әңгіме құрап айтуға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту. Сипатап айтуға жаттығу. Артикуляциялық және жалпы моториканы дамыту. Жауапкершілік, белсенділік, мейірімділік, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	Жұмбақ өлең: «Ол кім?» Кім сендерді, балалар, сүйе-тұғын, Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйе-тұғын? Кім сендерді, балалар, тербететін, Еркелетіп, ойнатып, сергітетін? Кім сендерді сағынар шетке кетсең, Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке кетсең? Кім сағынар сендерді келгеніңше, Құлындарын көзімен көргеніңше? Максаты: Анаға деген махаббатын арттыру. Қимыл жаттығуы: «Апам үшін күнде»	1	26.02-01.03
Наурыз				

Ертегілер әлеміне саяхат	«Мақта қыз бен мысық» ертегісімен таныстыру.Ертегі тыңдауға және түсіну,есіне сақтау қайталап айту дағдыларын дамыту.Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру.Фонематикалық түсініктерін ,артикуляциялық моторика ,тілдік тыныс алуын дамыту.Жұмбақ шешуге үйрету. Рөлде ойнау біліктерін қалыптастыру Жауапкершілік,белсенділік, мейірімділік,бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	Артикуляциялық жаттығу: «Мысық ашуланады», Сағат», «Әткеншек» Тыныстау жаттығуы: «Ыстық сүт» Саусақ жаттығуы: «Балақан» Әй,әй балақан! Міне мынау алақан , Саусақтарың әйбат, Былай былай ойнат Дидактикалық ойын: «Не артық?» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту.	1	04.03-08.03
Адам көркі - шүберек	Киім және түрлері, бөліктері,тігілген материалдары туралы түсініктерін толықтыру.Тақырып бойынша сөз қорларын анықтау және толықтыру.Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру.Сұрақ негізінде септік жалғауларын дұрыс жалғау,зат есімнің көпше түрін жасап үйрену. Сөзге дыбыстық талдау жасау және сөзді буынға бөлу дағдыларын дамыту. Артикуляциялық және жалпы моториканы дамыту. Ойын,оқу іс- әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру	Артикуляциялық жаттығу: «Тәтті тосап», «Әткеншек», «Барабан» Тыныстау жаттығу: «Самал жел» Дидактикалық ойын: «Киімдерді топтастыр» Мақсаты: Киімдер түрлерімен таныстыру. Логоритмикалық жаттығу: «Ұйқасын тап» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. «Сен не кидің?»	1	11.03-15.03

	және сабақ барысында тіл біліміне тәрбиелі болуға	Максаты: Тілім атауларын дұрыс айту. Сөйлем құрастыру. Сөз ішінде қазақ тілінде тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.		
Жыл басы - Наурыз	Наурыз мерекесі туралы түсініктерін толықтыру, кеңейту. Сурет бойынша әңгімелеу, сөйлемдер құрап айту дағдыларын дамыту. Септік жалғауларын дұрыс жалғап айтуға үйрету. Сөзге дыбыстық және буындық талдау жасау дағдыларын жетілдіру. Артикуляциялық және саусақ моторикасын дамыту. Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	Артикуляциялық жаттығу: «Шелпек», «Сағат», «Түтікше» Тыныстау жаттығуы: «Ыстық көже» Қимыл жаттығуы: «Киіз үй» Дөңгеленіп тұрайық, Керегені құрайық. Уықтар боп иіліп, Киіз үйді құрайық. Максаты: Жалпы моториканы дамыт. Дидактикалық ойын: «Киіз үй құрастыру» Максаты: Танымдық процестерін дамыту. Ойын: «Пиала»	1	18.03-22.03

Қош келдің, Көктем!	Көктем мезгілін сипатта, балаларды табиғат тамашаларымен таныстыру. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту, табиғатты аялауға, табиғаттың әсемдігін, сұлулығын көре, сезе білуге тәрбиелеу	Артикуляциялық жаттығуы «күрекше», «Параход» Тыныстау жаттығулары: «Бұлтты күн» Буынды ұйқас: «Көктем» Суретпен жұмыс: «Гүл» Саусақ жаттығуы: «Көктем» «Жанбыр». Дидактикалық ойын. «Қайсысы артық?» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. «Қай мезгілге тән?» Мақсаты: Жыл мезгілдерін ажыратуды үйрету	1	25.03-29.03
Сәуір				
Құпияға толы ғарыш әлемі	Ғарыш және ғарышты адамдардың игеруі, ғарышкер мамандығы туралы түсініктерін қалыптастыру» «Ғарыш тақырыбы» бойынша сөз қорын кеңейту, толықтыру, дамыту. Тілдік қарым-қатынас дағдыларын, байланыстырып сөйлеу тілін, көріп қабылдау және зейінін, шығармашылық қиялын дамыту. Сұраққа толық жауап беру дағдыларын дамыту. Тілдік тыныс алу және артикуляциялық моториканы дамыту. Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	Артикуляциялық жаттығу: «Күлімсіреу», «Сағат», «Әткеншек» Тыныстау жаттығуы: «Әуе шары» Саусақ жаттығуы: «Зымыран» Дидактикалық ойын: «Сөз ойла» Мақсаты: Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту. «Суреттерді құрастыру» «Мен ғарышкер боламын!» Логоритмикалық жаттығу «Ұйқасын тап» Үн-үн-үн жарқырайды күн Ай-ай-ай аспанға шықты ай	1	01.04-05.04

		Ыз-ыз-ы аспан толы жұлдыз Ан-ан-ан биік көгілдір аспан		
Туған жерге оралу	Жыл құстары , олардың сыртқы түрі, тіршілік ету ерекшеліктері, дене бөліктері туралы түсініктерін бекіту. Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту, белсенділеу, толықтыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру жұмысын жалғастыру. Зат есімнің көпше түрін жасау және сөйлеу барысында септік жалғауларын дұрыс пайдалануын жетілдіру. Сын есім сөздер сөздігін дамыту. Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу дағдыларын дамыту. Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту. Ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	Артикуляциялық жаттығу: «Күркетауық» , «Тәтті тосап» «Ат шауып келеді» Тыныстау жаттығу: «Қарға» Дидактикалық ойын: «Не артық?» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. «Не жоғалды?» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту. «Даусын ажырат» Мақсаты: есту қабілетін дамыту, даусын ажыратуды үйрету	1	08.04-12.04
Су асты әлеміне саяхат	Теңіз және теңіздегі тіршілік иелерінің атауы , олардың тіршілік ету әрекеті, сыртқы түрі туралы түсінік беру. Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту, белсенділеу, толықтыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру жұмысын жалғастыру. Сөзге дыбыстық талдау	Артикуляциялық жаттығуы «Параход», «Бақа» Тыныстау жаттығуы: «Сүңгуірлер» Дидактикалық ойын: «Суретті құрастыр» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту.	1	15.04-19.04

ЖМ 23

	жасау және буынға бөлу. дағдыларын дамыту. Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту. Жұмбақтар шешіп үйрену. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейінін дамыту. Ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	«Не арты?» Мақсаты: Теңіз және теңіздегі тіршілік иелерін ажыратуға үйрету. «Балық аулау» Мақсаты: қырағылыққа тәрбиелеу. «Дұрыс ата» Мақсаты: теңіз және мұхит асты жануарларының атауларын ұғындыру.		
Хош ниеті гүлдер	Тақырып бойынша сөз қорларын кеңейту және анықтау. Гүлдер түрлерімен таныстыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру (Зат есім+сын есім, зат есім+етістік) Сурет бойынша 3-5 сөзден тұратын сөйлемдер құрап айтып үйрену. Сөздерді буынға бөлу дағдыларын дамыту. Тілдік естуін, ойлау, жалпы тілдік дағдыларын, диалогтік сөйлеу тілін дамыту Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	Артикуляциялық жаттығу «Гармошка», «Тісімізді тазалайық» Тыныстау жаттығуы: «Гүлдің иісі» Саусақ жаттығуы: «Гүлдер» Ұсақ қол моторикасын дамыту «Гүлді бастырып салу» «Гүлдер» жаттығуы (сөйлеу тілін қимыл-қозғалыс координациясымен жетелеу) Дидактикалық ойын: «Гүл шоғын құрастыр» Суретпен жұмыс: «Жауқазын»	1	22.04-26.04
Мамыр				

ЖМ 24

Батырларға тағзым. Менің Қазақстаным	Отанды сүйе, қазақ елінің рәміздерін кастерлеуге, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, үйрету. Ата бабаларымыздың ерліктерін әңгімелеу. Ой - өрісін, сана - сезімін дамыту. Туған ел, Отан туралы сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Бойында Отансүйгіштік қасиеттерін, өз еліміздің тәуелсіздігін қадірлей білуге, оны өз бетінше қорғай білуге тәрбиелеу.	Артикуляциялық жаттығуы «Тіліміздің күші көп», «Ашуланған мысық» Тыныстау жаттығулары: «Поезд» Буынды ұйқас: «Соғыс» Саусақ жаттығуы: «Сарбаз» Дидактикалық ойын: «Суретті тап» Максаты: Ойлау қабілетін дамыту	1	29.04-03.05
Жәндіктер әлемі	Тақырып бойынша сөздік қорын толықтыру дамыту. Жәндіктер олардың тіршілік ерекшеліктері, сыртқы түрі мекен ортасы, атаулары туралы білімдерін толықтыру. Ұзақ және бірқалыпты тыныс шығаруды дамыту. Диалогтік сөйлеу, фонематикалық қабылдау, ойлау, артикуляциялық моторика, ұсақ моторика және жалпы моториканы дамыту, сөйлеуді қимыл-қозғалыспен үйлестіру. Бірлесу, мейірімділік, белсенділік, жауапкершілік, өзара түсінісушілік дағдыларын қалыптастыру	Артикуляциялық жаттығулар: «Маса», «Тәтті тосап» Тыныстау жаттығуы: «Түрлі-түсті көбелектер» Саусақ жаттығуы: «Жәндіктер» Ойын: «Сөйлемді аяқта» Максаты: Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту, белсенділеу, толықтыру Қоңыз дәу, ал маса Қоңыздың қанаты қысқа, ал инеліктің қанаты.... Дидактикалық ойын: «Не артық?» Максаты: Танымдық процестерін дамыту «Қанатын тап»	1	06.05-10.05

		Мақсаты: Ұлдардың қанаттарын ажыратуды үйрету		
Шуақты жаз!	Тақырып бойынша сөз қорларын кеңейту және анықтау. Жаз мезгілі және оның белгілері туралы түсініктерін бекіту. 3-5 сөзден сөйлем құрап айтуға үйрену. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейінін және фонематикалық түсініктерін дамыту Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	Артикуляциялық жаттығулар: «Футбол» Тыныстау жаттығуы «Самал жел» Буын ұйқас: «Жаз» Аз-аз-аз Келді жылы жаз! Үн-үн-үн Жарқырайды күн! Ыр-ыр-ыр Жауды жылы жаңбыр! Дидактикалық ойын: «Суретші қай жерде қателесті?» «Жыл мезгілі» Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін, зейінін дамыту	1	13.05-17.05
Диагностика	Танымдық іс-әрекет жағдайын тексеру Сөйлеу іс-әрекетінің жағдайын тексеру Байланыстырып сөйлеу тілін тексеру Зат есім, сын есім, етістік сөздер сөздіктерін тексеру. Тілдің грамматикалық қатарын тексеру. Сөздің буындық құрылымының жағдайын тексеру. Дыбыстарды айту және ажырату дағдыларын тексеру. Фонематикалық қабылдауын (естуі) тексеру	Ойын: «Бір сөзбен ата», «Ненің төлі?», «Кім не істейді?», «Керісінше айт», «Біреу және көп», «Тыңда және қайтала» «Дыбысты ата»	1	20.05-24.05

ЖА 26

Бекітемін

Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше
қажеттіліктері бар балаларға арналған
арнайы (түзетім) балабақшасының меңгерушісі



А.О.Сеитова

2023-2024 оқ.ж

Психикалық дамуы тежелген «Құлагер» мектепалды тобындағы
балаларға арналған Сөйлеу тілін дамыту бойынша арнайы түзетім қызметінің
«Нақты сөйлеп үйренейік» атты жұмыс бағдарламасы

Ақтөбе, 2023-2024 оқу жылы

«Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы(түзетім)балабақшасы» КММ-нің әдістемелік кеңесінде қаралып бекітілді

Құрастырушы авторлар:

Сентова Асия Орынбасаровна-«Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы(түзетім)балабақшасы»КММ-нің меңгерушісі

Төрекешова Айман Ерболқызы-«Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы(түзетім)балабақшасының» логопед маманы

Сөйлеу тілін дамыту. Бұл құралда Психикалық дамуы тежелген балалар үшін арнайы түзетім қызметінің бағдарламасы ұсынылған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жүргізілетін түзету-педагогикалық жұмысының мазмұны, әдістері мен тәсілдері сипатталған, үлгілік тақырыптық жоспар құрылған.

Құрал арнайы білім беру мекемелеріндегі логопед мамандарға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасайтын тәрбиешілерге арналған.

Түсіндірме хат

1. Психикалық дамуы тежелген балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5 және 14-баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес әзірленді (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген).

2. Бағдарламаның мақсаты: психикалық дамуы тежелген балалардың жеке типологиялық ерекшеліктері мен ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, олардың эмоционалдық, зияткерлік және әлеуметтік дамуы үшін оңтайлы жағдайлар жасау және жеке тұлғалық жағымды қасиеттерін, рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында ұлттық дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде отансүйгіштікке, толеранттылыққа тәрбиелеу, және де психикалық дамуы тежелген балаларды мектепте оқуға дайындау үшін олардың әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік қасиеттерін қалыптастыру.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-дамыту ортаны қалыптастыру;

2) балаларда айналасындағы адамдарымен және заттармен өзара-қатынастың әлеуметтік тәжірибесін меңгеру тәсілдерін қалыптастыру;

3) танымдық-зерттеу әрекетін, танымдық белсенділігін дамыту;

4) коммуникативтік белсенділігін дамыту, коммуникация құралдарын, үлкендермен және құрдастарымен конструктивті өзара әрекеттесу және ынтымақтастық әдістерін, әлеуметтік мақұлданған мінез-құлығын қалыптастыру;

5) сөйлеу тілінің барлық компоненттерін дамыту;

6) оқу іс-әрекетінің алғы шарттарын қалыптастыру, жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, мектептегі оқуға дайындау, эмоционалдық-тұлғалық, ерікті және мінез-құлық саласындағы кемшіліктердің алдын алу және жою;

4. Бағдарламаның мазмұны келесілерге бағытталған:

1) оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізу;

2) барлық білім беру салалары шеңберінде түзету-дамыту бағыттылығын қамтамасыз ету: эмоционалдық-еріктік, тұлғалық, әлеуметтік-коммуникативтік, танымдық және қимыл-қозғалыс салаларындағы даму кемшіліктерін дамыту және мақсатты-бағытты түзету;

3) түзету-дамыту процесі үздіксіздігінің шарты ретінде мектепке дейінгі және мектептегі білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету;

4) айналадағы дүние туралы түсініктерді қалыптастыру, кеңейту, байыту және жүйелеу, меңгерілген ұғымдарды, біліктер мен дағдыларды практикалық және ойын әрекеттеріне қосу;

5) танымдық және сөйлеу әрекетін тұрақты ынталандыруды қамтамасыз ету, өзіне, қоршаған заттық әлемге және әлеуметтік ортаға қызығушылық тудыру;

6) пәндік-тәжірибелік, ойындық, өнімдік, эксперименттік іс-әрекеттерді және оқу іс-әрекетінің алғы шарттарын, олардың уәждемелік, реттеуші, операциялық компоненттерін қалыптастыруға бағыттап отырып, мақсатты дамыту;

7) тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу іс-әрекетіне дайындау;

8) «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде ұлттық дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік дағдыларын қалыптастыру.

5. Оқыту және тәрбиелеудің міндеттері.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:

1) ана тілінің дыбыстарын тыңдау, айту, анық және дұрыс айту дағдыларын жетілдіруді жалғастыру (ысқырық, ызың, аффрикаттар (үнді дыбыстардың дұрыс айтылмауына жол

беріледі);

2) берілген дыбысқа сөздерді таңдауға және оларды бір-бірімен салыстыруға үйрету;

3) сөздерді дыбыстық талдауға үйрету – сөзде берілген дыбыстың болуын анықтау.

Сөздік қор:

1) балалардың сөз қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен, есімдіктермен кеңейтуді жалғастыру;

2) заттарды ұқсас белгілері мен функционалдық тиістілігі бойынша жалпылауға, әртүрлі заттарды сипаттауға үйрету;

3) сөйлеу тілінде антоним сөздерді таңдауға және қолдануға үйретуді жалғастыру;

4) заттық белгілер мен әрекеттерді, берілген әрекетке арналған заттарды таңдауға үйретуді жалғастыру.

Тілдің грамматикалық құрылымы:

1) сөйлемдегі сөздерді септік, сандық және уақыттық белгілері бойынша дұрыс үйлестіруге үйрету;

2) сөйлеу тілінде жекеше және көпше зат есімдерді ажыратуға және қолдануға үйрету;

3) «-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен», «астынан, жатқан, салған» шылауларын түсінуге үйрету;

4) «менің» есімдігінің дұрыс қолданылуы мен сәйкестігін бекіту.

Байланыстырып сөйлеу тілі:

1) тыңдау және сөйлеу тілін түсіну дағдыларын бекітуді жалғастыру;

2) ересектермен және құрдастарымен диалогты сауатты құруды және жүргізуді үйрету;

3) негізгі ойды анықтауға, оны дұрыс тұжырымдауға және басқаларға жеткізуге үйрету;

4) келісілген мәлімдемелер құруды, естілген мәтінді дәйекті және дәл қайталап айтуды үйретуді жалғастыру;

5) сипаттамалық әңгімелер жазуға үйретуді жалғастыру;

6) балаларға өлең жаттауды үйретуді жалғастыру.

Жұмыс мазмұны:

1) балаларда бар дыбыстардың дұрыс айтылуын қадағалау. Өзінің сөйлеу тілі дағдыларын бақылау, өзіне сын тұрғысынан қарау;

2) сөздерді дыбыстық талдау арқылы фонематикалық естуді дамытуды жалғастыру. Берілген дыбыстың сөзде болуын, берілген дыбысты көру арқылы есту қабілетін қолдайтын сөздердегі орнын анықтауға үйрету;

3) балалардың өз сөйлеу тілінде заттарды, заттардың белгілерін, оның әрекетін білдіретін сөздерді қолдану, сөйлеу тілінде «менің» есімдігін қолдану қабілеттерін бекіту;

4) бекіту үшін лексикалық материалды таңдай отырып, бірдей белгілері бар бір лексикалық тақырыпқа қатысты заттарды жалпылауға үйрету. Бұл заттарды тірек сызбалары бойынша сипаттау, әңгіме сипаттамасын жасау;

5) сабақ барысында балалардың назарын әртүрлі заттар белгілерінің ұқсастығы мен айырмашылығына аудару, антоним сөздерді таңдауға үйрету;

6) балалардың заттардың бірдей және әртүрлі әрекеттеріне назар аудару, осы әрекеттерге заттарды таңдауға үйрету;

7) балалардың уақыттық ұғымдар туралы білімдерін бекіту, осы ұғымдарды ескере отырып, сөз тіркесін құру кезінде сөздерді үйлестіруге үйрету;

8) дидактикалық материалды қолдана отырып, көпше зат есімдермен аяқталуын саралау дағдысын бекіту;

9) көрнекі материалда балаларды «-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен», «астынан, жатқан, салған» күрделі шылауларының мағынасын түсінуге үйрету;

10) негізгі ойды айқындай отырып, оны дұрыс айқындап, айналасындағыларға жеткізе отырып, балаларға қайталап айтуды және дәйекті әңгімелер құрастыруды үйретуді жалғастыру;

11) айналасындағылармен диалог жүргізу, сұрақтарға жауап беру, өз ойларын дұрыс қалыптастыру дағдыларын бекіту үшін жағдайлар жасау;

12) балалардың өлең жаттау дағдыларын бекіту.

«Нақты сөйлеп үйренейік» бойынша тақырыптық жоспар үлгісі

№	Тақырыбы	Бағдарламаның мазмұны	Сағат саны
1	«Менің сүйікті балабақшам»	«Балабақша» тақырыбы бойынша сөз қорын белсенділеу және кеңейту. Ересек адамдар еңбегінің маңызы мен қажеттілігі туралы түсініктерін бекіту. Балабақша қызметкерлерінің мамандықтары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. Фонематикалық түсініктерін дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Сөйлеу тілін есту, көріп қабылдау, зейін, артикуляциялық моторика, ұсақ және жалпы моториканы дамыту. Сөйлеу тілін қимыл – қозғалыспен үйлестіру.	1
2	«Менің сүйікті отбасым»	Балалардың отбасы деген бір үйде бірге тұратын адамдар тобы деген түсінігін қалыптастыру, өз отбасы, ата-анасының мамандығы туралы түсінігін бекіту, отбасы мүшелерінің туыстық қатынас атауларын анықтай білуге үйрету, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Сурет арқылы отбасы туралы қысқаша сипаттау мәтінін құрастыру білігін дамыту, байланыстырып сөйлеу тілін жетілдіру, тақырып бойынша сөздік қорын толықтыру. Фонематикалық түсініктерін дамыту. Тілдік тыныс алуын дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Зейін, артикуляциялық, ұсақ және жалпы моториканы дамыту. Ынтымақтастық, өзара түсіністік, мейірімділік, жауапкершілік, бастамашылдық дағдыларын қалыптастыру. Өз отбасына сүйіспеншілікке, өз отбасын мақтан етуге тәрбиелеу	1
3	«Ойыншықтар әлемі»	Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту және анықтау. «Ойыншықтар» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту және жүйелеу (оларды қолдану, құрамды бөлшектері және бөліктері, жасалған материалдары), ойын және жаттығулар арқылы сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту (зат есім мен сын есім, зат есім және сан есім тіркестерін жасау, зат есімнің көпше түрін жасау, септік жалғауларын жалғап айту). Байланыстырып сөйлеу тілін және зейінін дамыту. Фонематикалық түсініктерін дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Сөйлеу тілін есту, көріп қабылдау және зейін, артикуляциялық, ұсақ және жалпы моториканы дамыту. Сөйлеу тілін қимыл – қозғалыспен үйлестіру. Ынтымақтастық, өзара түсіністік, мейірімділік, жауапкершілік, бастамашылдық дағдыларын қалыптастыру	1
4	«Күздің әсем гүл шоқтары»	Күз және оның белгілері, күз мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін бекіту. Тақырып бойынша сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдысын жетілдіру. Ұзақ және бірқалыпты тыныс шығару, көру зейінін, ойлау, артикуляциялық, ұсақ және жалпы моториканы дамыту. Сөйлеу тілін қимыл-қозғалыспен үйлестіре білуін дамыту. Ұйымшылдыққа, өсімдіктерді күтіп-баптауға және табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1

5	«Алтын күз» (Тәтті жемістер)	Жемістер туралы түсініктерін бекіту. «Жемістер» тақырыбы бойынша сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау. Зат есімнің көпше түрін жасау. Сұрақ көмегімен сөзге жалғанатын септік жалғауларын дұрыс жалғап айту. Зат есім+сын есім, зат есім+сан есім, зат есім+етістік тіркестерін жасап үйрету. Сурет бойынша «Жемістер» туралы сипаттау мәтінін құрастырып айту, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Фонематикалық қабылдауын, бірқалыпты тілдік тыныс алуын дамыту. Қоршаған ортадағы түрлі заттарды сипаттау үшін қажетті заттардың атауын, әрекетін, сипаттамасын қолдана алуды дамыту; Сөйлеу тілін қимыл-қозғалыспен үйлестіруді дамыту, сөйлеу ырғағы және темпімен жұмыс. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	1
6	«Алтын күз» (Балғын көкөністер)	Көкөністер туралы түсініктерін бекіту. «Көкөністер» тақырыбы бойынша сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау. Зат есімнің көпше түрін жасау. Сұрақ көмегімен сөзге жалғанатын септік жалғауларын дұрыс жалғап айту. Зат есім+сын есім, зат есім+сан есім, зат есім+етістік тіркестерін жасап үйрету. Сурет бойынша «Жемістер» туралы сипаттау мәтінін құрастырып айту, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Фонематикалық қабылдауын, ойлау, ұсақ моторикасын, көрнекі-бейнелік гнозисін, бірқалыпты тілдік тыныс алуын дамыту. Сөздің буындық құрылымымен жұмыс. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	1
7	«Алтын күз!» (Жидектер мен саңырауқұлақ тар мекені)	Орман және орманда өсетін өсімдіктер туралы түсініктерін бекіту. «Орман, жидектер» тақырыбы бойынша сөз қорларын белсендіру және кеңейту, нақтылау. Саңырауқұлақтардың түрлерін және айырмашылығын білуге үйрету. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Қарапайым математикалық түсініктерін, сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. Зейін және қору арқылы қабылдау, сөйлеу тілін есту және фонематикалық қабылдау, ойлау, артикуляциялық, ұсақ және жалпы моторика, сөйлеу тілін қимыл-қозғалыспен үйлестіруін дамыту. Табиғатты аялап, қорғауға тәрбиелеу.	1
8	«Нан бар жерде ән бар»	Нанның маңыздылығын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетінін түсіндіру. Ас атасы нан туралы түсініктерін бекіту. Мақал-мәтелдерді, тыйым сөздерді, тапқакты пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту. Нанды қастерлеуге және диқандар еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Баланың бақылағыштығын, қиялын дамыту.	1
9	«Биік ағаштар»	Табиғаттағы тіршілік, көктемгі ағаштар туралы білімдерін кеңейту. Дыбысқа еліктеу, музыкалық аспаптар, шикылдауыш ойыншықтарды қолданумен түрлі қаттылықтағы (қатты-ақырын), жоғарылықтағы (жоғары-төмен) дыбыстарды қабылдау кезіндегі есту зейінін дамыту; Балалардың байланыстарын сөйлеуін, тілін, сөздік қорын дамыту. Табиғаттың әсемдігін, сұлулығын, көре, сезе білуге тәрбиелеу.	1
10	«Үй құстарының тіршілік ортасы»	Үй құстары туралы білімдерін жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Тақырып бойынша балалардың білімдерін нақтылау, фонематикалық қабылдауын дамыту. Үй құстарының сыртқы түрі туралы білімдерін кеңейту. Атау септігіндегі зат есімнің көпше түрін жасауға үйрету. Зат есімді сан есім, сын есім, етістікпен тіркестіріп сөз тіркесін	1

		жасауға үйрету. Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту. Үй құстарын қорғап, аялауға үйрету.	
11	«Денсаулық зор байлық (дене мүшелері)»	Адамның дене мүшелері және олардың қызметі туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту. Сөйлеу тілінің интонациялық мәнерлілігін, тілдік тыныс алуын, артикуляциялық моториканы дамыту. Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту, белсенділеу. Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту. Талдау – жинақтау операцияларын, зейінін, көріп және естіп қабылдауын жетілдіру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
12	«Жиһаз- үйдің сәні»	Үй жиһаздары туралы айта отырып олардың қажеттілігі жайлы білім беру. Балаларды жиһаздар қалай, қандай материалдан жасалатынын және олардың қажеттілігі туралы айтып түсіндіру және тіл байлықтарын дамыту. "Үстінде", "астында", "ішінде", "одан", "оган", "сонымен" шылауларын зат есіммен қоса қолдану дағдыларын бекіту Жиһаздарға ұқыпты болуға оларды сындырмауға тәрбиелеу	1
13	«Жүйрік көліктер»	Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Сөйлеу ағымында дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді ажыратады: үйрету: сұрау, лепті, хабарлау дауыс ырғақтарын дамыту. Әдептілікке, мейірімділікке, жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу	1
14	«Мамандық-мақтанышым»	Мамандықтар туралы түсініктерін толықтыру. Мамандық атауларын, әр мамандық иесінің атқаратын қызметі, мамандыққа тән ерекшеліктерімен таныстыру. Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Фонематикалық түсініктерін, сөзге дыбыстық талдау жасау біліктерін жетілдіру. 3-4 сөзден тұратын сұрақтар бойынша диалогтік қарым-қатынасты дамыту. Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	1
15	«Тәуелсіздік тірегім»	Туған жер, Отан туралы түсінік беру. Тәуелсіздік күні мейрамы туралы түсініктерін қалыптастыру. Тақырып бойынша сөздік қорларын дамыту. Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту. Тілдік тыныс алуын, фонематикалық түсініктерін дамыту. Сөзге дыбыстық талдау жасау білігін жетілдіру. Патриот болуға, отансүйгіштікке тәрбиелеу.	1
16	«Көңілді жаңа жыл!»	Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін толықтыру. Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Тілдік тыныс алу және артикуляциялық моториканы дамыту. Сын есім және антоним сөздер сөздігін дамыту. Зат есімнің көпше түрін жасап жаттығу. Сөйлеу тілін кимылмен үйлестіру. Эстетикалық талғамдарын арттыру.	1

17	«Қыс мезгілі тамаша»	Қыс және оның белгілері туралы туралы түсініктерін бекіту. Тақырып бойынша сөздік қорларын анықтау, кеңейту, белсенділеу. Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту. Сөздің буындық құрылымы туралы түсініктерін жетілдіру, байланыстырып сөйлеу тілін дауыс күшін, тілдік тыныс алуын дамыту. Сөйлем туралы түсініктерін бекіту. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	1
18	«Момын үй жануарлары»	Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, тереңдету. Байланыстырып сөйлеу тілін, зейінін, фонематикалық қабылдауын, жалпы және ұсақ моториканы дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру, қойылған сұрақтарды түсініп, анық дұрыс жауап беру білігін жетілдіру. Антонимдер, синонимдер, заттардың топталуы бойынша жалпылама сөздерді қолдану және түсіне алуды үйрету; Үй жануарларына сүйіспеншілік, қамқорлыққа тәрбиелеу. Сөздің буындық және дыбыстық құрылымы туралы білімдерін жетілдіру.	1
19	«Құстарға қамқор болайық»	Қыстап қалатын құстар, олардың тіршілігі туралы түсініктерін жетілдіру. Тақырып бойынша сөздік қорларын, анықтау, кеңейту, белсенділеу, сұраққа толық жауап беруге үйрету. Зат есімнің көпше түрін жасап жаттығу. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Көріп қабылдау және зейінін, фонематикалық қабылдауын, артикуляциялық моториканы дамыту. Жұмбақтар шешіп үйрену. Сипаттап айтуға жаттығу, сын есім сөздер сөздігін жетілдіру Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	1
20	«Жыртқыш жабайы жануарлар әлемі»	Жабайы жануарлар, олардың сыртқы түрі, қыс мезгіліндегі тіршілігі туралы түсініктерін бекіту. Тақырып бойынша сөздік қорын анықтау, кеңейту, белсенділеу. Фонематикалық түсініктерін, сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын, артикуляциялық моториканы жетілдіру. Салыстырып айтуға, сипаттауға үйрету. Ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу дағдыларын жетілдіру Ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	1
21	«Ыдыс-аяқ дүкені»	Ыдыстар оны пайдалану, бөлшектері, жасалған материалы туралы түсініктерін кеңейту және анықтау. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Сөздің буындық құрылымы туралы түсініктерін жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу тілін, көріп қабылдау және зейінін, артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын дамыту. Жұмбақтар шешіп, жаңылтпаштар айтып үйрену. Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	1
22	«Азық-түліктер дүкені»	Азық-түліктер және олардың маңызы туралы түсініктерін кеңейту. Зат есімге қатысты сын есімдер таңдап үйрену. 2 сөзден тұратын сөйлемдерді сын есімдермен кеңейту. Сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастыруға үйрету. Антоним сөздер сөздігін толықтыру. Мағынасы жақын етістіктерді пайдалану және сөйлеу кезінде қолдануға үйрету (қуыру, пісіру, бұқтыру, қайнату) Жинақтап жалпылап айту дағдыларын жетілдіру. Артикуляциялық моториканы дамыту.	1

23	«Техника және біз»	Электрлі құралдар және оларды пайдалану, қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін жетілдіру. Сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастыруға үйрету. Етістік сөздер сөздігін жаңа сөздермен толықтыру. Байланыстырып сөйлеу тілдерін жетілдіру. Сөздің буындық құрылымы және фонематикалық түсініктерін жетілдіру. Ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	1
24	«Аяқ киімді күту»	Аяқ киім және оның бөліктері, жасалған материалы, оны қолдану және күтім жасау туралы түсініктерін жетілдіру. Етістік және сын есімдер сөздер сөздігін жаңа сөздермен толықтыру. Сөйлемдер құрап айту және сын есімдермен толықтыруға үйрету. Зат есімнің көпше түрін жасап жаттығу. Сөздерді ілік септігінде айтып жаттығу. Байланыстырып сөйлеу тілдерін, артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту. Дыбыстық және буындық талдау - жинақтау дағдыларын жетілдіру. Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	1
25	«Анашымның мейрамы!»	Ана және ананы құрметтеу туралы түсініктерін жетілдіру. Аналардың қоғамдағы маңызды рөлі туралы түсінік беру. Ана туралы мақал-мәтелдер жаттау. Байланыстырып сөйлеу тілдерін, фонематикалық түсініктерін дамыту. Сурет бойынша әңгіме құрап айтуға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту. Сипатап айтуға жаттығу. Артикуляциялық және жалпы моториканы дамыту. Жауапкершілік, белсенділік, мейірімділік, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	1
26	«Ертегілер әлеміне саяхат»	«Мақта қыз бен мысық» ертегісімен таныстыру. Ертегі тыңдауға және түсіну, есіне сақтау қайталап айту дағдыларын дамыту. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Фонематикалық түсініктерін, артикуляциялық моторика, тілдік тыныс алуын дамыту. Жұмбақ шешуге үйрету. Рөлде ойнау біліктерін қалыптастыру. Жауапкершілік, белсенділік, мейірімділік, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	1
27	«Адам көркі-шүберек»	Киім және түрлері, бөліктері, тігілген материалдары туралы түсініктерін толықтыру. Тақырып бойынша сөз қорларын анықтау және толықтыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Сұрақ негізінде септік жалғауларын дұрыс жалғау, зат есімнің көпше түрін жасап үйрену. Сөзге дыбыстық талдау жасау және сөзді буынға бөлу дағдыларын дамыту. Артикуляциялық және жалпы моториканы дамыту. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу.	1
28	«Жыл басы – Наурыз»	Наурыз мерекесі туралы түсініктерін толықтыру, кеңейту. Сурет бойынша әңгімелеу, сөйлемдер құрап айту дағдыларын дамыту. Септік жалғауларын дұрыс жалғап айтуға үйрету. Сөзге дыбыстық және буындық талдау жасау дағдыларын жетілдіру. Артикуляциялық және саусақ моторикасын дамыту. Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	1
29	«Қош келдің, көктем!»	Көктем мезгілін сипаттау, балаларды табиғат тамашаларымен таныстыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Сұрақ негізінде септік жалғауларын дұрыс жалғау, зат есімнің көпше түрін жасап үйрену. Сөзге	1

		дыбыстық талдау жасау және сөзді буынға бөлу дағдыларын дамыту. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту, табиғатты аялауға, табиғаттың әсемдігін, сұлулығын көре, сезе білуге тәрбиелеу	
30	«Құпияға толы ғарыш әлемі»	Ғарыш және ғарышты адамдардың игеруі, ғарышкер мамандығы туралы түсініктерін қалыптастыру. «Ғарыш тақырыбы» бойынша сөз қорын кеңейту, толықтыру дамыту. Тілдік қарым-қатынас дағдыларын, байланыстырып сөйлеу тілін, көріп қабылдау және зейінін, шығармашылық қиялын дамыту. Сұраққа толық жауап беру дағдыларын дамыту. Тілдік тыныс алу және артикуляциялық моториканы дамыту. Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	1
31	«Туған жерге оралу»	Жыл құстары, олардың сыртқы түрі, тіршілік ету ерекшеліктері, дене бөліктері туралы түсініктерін бекіту. Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту, белсенділеу, толықтыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру жұмысын жалғастыру. Зат есімнің көпше түрін жасау және сөйлеу барысында септік жалғауларын дұрыс пайдалануын жетілдіру. Сын есім сөздер сөздігін дамыту. Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу дағдыларын дамыту. Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту. Ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	1
32	«Су асты әлеміне саяхат»	Теңіз және теңіздегі тіршілік иелерінің атауы, олардың тіршілік ету әрекеті, сыртқы түрі туралы түсінік беру. Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту, белсенділеу, толықтыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру жұмысын жалғастыру. Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу дағдыларын дамыту. Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту. Жұмбақтар шешіп үйрену. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейінін дамыту. Ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	1
33	«Хош иісті гүлдер»	Тақырып бойынша сөз қорларын кеңейту және анықтау. Гүлдер түрлерімен таныстыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру (Зат есім+сын есім, зат есім+етістік) Сурет бойынша 3-5 сөзден тұратын сөйлемдер құрап айтып үйрену. Сөздерді буынға бөлу дағдыларын дамыту. Тілдік естуін, ойлау, жалпы тілдік дағдыларын, диалогтік сөйлеу тілін дамыту. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	1
34	«Батырларға тағзым. Менің Қазақстаным»	Отанды сүйуге, қазақ елінің рәміздерін қастерлеуге, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, үйрету. Ата бабаларымыздың ерліктерін әңгімелеу. Ой - өрісін, сана - сезімін дамыту. Туған ел, Отан туралы сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Бойында Отансүйгіштік қасиеттерін, өз еліміздің тәуелсіздігін қадірлей білуге, оны өз бетінше қорғай білуге тәрбиелеу.	1
35	«Жәндіктер әлемі»	Тақырып бойынша сөздік қорын толықтыру дамыту. Жәндіктер олардың тіршілік ерекшеліктері, сыртқы түрі мекен ортасы, атаулары туралы білімдерін толықтыру. Ұзақ және бірқалыпты тыныс шығаруды дамыту. Диалогтік сөйлеу, фонематикалық қабылдау, ойлау, артикуляциялық моторика, ұсақ моторика және жалпы моториканы дамыту, сөйлеуді қимыл-қозғалыспен үйлестіру. Бірлесу, мейірімділік,	1

		белсенділік, жауапкершілік, өзара түсінісушілік дағдыларын қалыптастыру	
36	Шуақты жаз!	Тақырып бойынша сөз қорларын кеңейту және анықтау. Жаз мезгілі және оның белгілері туралы түсініктерін бекіту. 3-5 сөзден сөйлем құрап айтуға үйрену. 3 ейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейінін және фонематикалық түсініктерін дамыту. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	1

Күтілетін нәтижелер:

1. бар дыбыстардың дұрыс айтылуын қадағалайды, өзінің айтуын бақылауға тырысады;
2. сигналдық карталар мен естуге сүйене отырып, сөздегі берілген дыбыстың болуын, сөздегі берілген дыбыстың орнын анықтайды;
3. зат есімдермен мағынасын үйлестіре отырып, сөйлеу тілінде «менің» тәуелді есімдігін пайдаланады;
4. заттарды функционалдық тиістілігі, ұқсас белгілері бойынша жинақтайды;
5. тірек сызбаны пайдалана отырып, сипаттау әңгімесін құрастыра алады;
6. заттардың ерекше белгілерін бөле отырып, оларды белгілері бойынша таңдайды, сөйлеу тілінде антоним сөздерді қолданады;
7. әртүрлі әрекеттерге берілген әрекеттерді орындай алатын заттарды таңдайды;
8. етістіктерді шақтарына қарай қолдана отырып, ажыратады;
9. зат есімдердің жекеше және көпше түрлерін ажыратады, оларды өз сөзінде қолданады;
10. «-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен», «астынан, жатқан, салған» шылауларының мағынасын түсінеді;
11. таныс әңгімелерді, ертегілерді қайта айтады, басты ойды айқындап, әрекеттер тізбегін сақтай отырып, суреттерден әңгімелер құрастырады;
12. өз ойын дұрыс қалыптастыра отырып, диалогтік сөйлеу дағдыларын жетілдіреді; өлеңдерді жаттайды

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5 және 14-баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалынға міндетті стандартты талаптарына сәйкес әзірленді (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №17669 болып тіркелген)
2. «Тіл дамыту» әдістемелік құрал «Алматы кітап баспасы», 2014ж.
3. «Әдістемелік құрал» Астана: «Арман-ПВ», 2011ж
4. «Жыл мезгілдері мен жер шары» табиғаттағы таңғажайыптар. Алматы ШЫҢ-КІТАП, 2011ж
5. «Жыл он екі ай» Алматы 2013, №4
6. «Қуырмаш» Алматы 2009ж.
7. «Отбасы және балабақша» Алматы №4, 2015ж.
8. М.Монтессори «Школа свободного развития личности»
9. Н. М. Сертакова «Игра как средство социальной адаптации дошкольников» Санкт-Петербург «Детство-ПРЕСС» - 2009
10. С.А. Козлова «Я - человек» Москва «Школьная Пресса» 2010